



**«АКАДЕМИК М. ҚАРАТАЕВТЫҢ ЖЕКЕ
КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ» БАСЫЛЫМДАРДЫҢ
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ**

Астана – 2024

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА
СИРЕК КІТАПТАР МЕН ҚОЛЖАЗБАЛАР БӨЛІМІ**

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
ғылыми кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар
бөліміндегі «Академик М.Қ. Қаратаевтың жеке
кітапханасындағы» басылымдардың**

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

Астана – 2024

ӘӨЖ 01
ББК 91. 9:83.3(5Қаз)
А 33

Ғылыми редакторлар: Б.Ә. Оразалиев, Ж.Б. Мамаева
Жауапты редактор: М.З. Ермаганова
Құрастырушы: Г.Б. Аманжолова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғылыми кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақталған «Академик М.Қ. Қаратаевтың жеке кітапханасындағы» басылымдардың библиографиялық көрсеткіші. – Астана: ЕҰУ Ғылыми кітапхана, 2024. – 133 б.

Библиографиялық көрсеткіш Отандық әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі, қазақ әдебиетінің білікті теоретиктерінің бірі – Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұхаметжан Қожасбайұлы Қаратаевтың Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғылыми кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақталған «Жеке кітапханасындағы» басылымдармен таныстыру мақсатында құрылған. Көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, аспиранттар мен магистранттарға, студенттерге және қазақ әдебиетінің тарихына қызығушы жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘӨЖ 01
ББК 91.9:83.3(5Қаз)
© ЕҰУ Ғылыми кітапханасы
© Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімі
© М. Қаратаев

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған библиографиялық көрсеткіш саналы ғұмырын қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына арнаған Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұхаметжан Қожасбайұлы Қаратаевтың Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғылыми кітапханасында сақталған «Жеке кітапханасындағы» басылымдарды оқырман қауымға таныстыру мақсатында құрастырылған. Бұл еңбекте ғалымның өмірі мен шығармашылығы, жеке кітапханасы, ғалымның шығармашылық тұлғасы жайлы мақалалар мен зерттеулер туралы мәліметтермен де танысуға болады. Көрсеткіште алдымен М. Қаратаевтың қазақ және орыс тіліндегі еңбектерінің тізімі хронологиялық ретпен берілген. Жеке кітапханасындағы 491 дана қазақ тіліндегі, 342 дана орыс тіліндегі, 62 дана басқа тілдегі басылымдар мен 52 дана авторефераттар тізімі әліпбилік ретпен енгізілген. Есімдер көрсеткішінен кейін, 51 папкадан тұратын қолжазбаларының тізімі қосымша беріліп отыр. Қолжазбаның жалпы саны 790. Көрсеткіш ғалымның шығармашылығын кең көлемде ашып көрсетеді.

Құрастырушылар.

АКАДЕМИК М. ҚАРАТАЕВТЫҢ ӘДЕБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Тәуелсіз мемлекетіміздің тұғыры нығайып, ұлттық құндылықтарымызды, соның ішінде төл тарихымыз бен әдебиетімізді дамыту, тың деректермен байыту бағытындағы келелі мәселелерге бетбұрыс жасаған бүгінгі уақытта әдеби мұра мен оны зерттеу, көркем туындылардың табиғатын ашу, ұлттық әдеби сынның өзекті мәселелерінен қою, оның қалыптасуы мен өсіп-есеюіне үлес қосқан әдебиетші-ғалымдар, сыншылар шығармашылығын жан-жақты зерделеу – қазіргі әдебиеттанудың көкейкесті мәселелерінің бірі. Осы орайда, қазақ әдеби сынының жеке сала ретінде қалыптасуы мен өркендеуіне үлес қосқан сыншы-ғалымдар тұлғасын, шығармашылығын зерттеп білудің алатын орны ерекше.

Өнердегі қай саланың болса да қалыптасуы, өсіп-өркендеуі, биік бел-белестерге көтерілуі үлкенді-кішілі жекелеген тұлғалардың есімімен байланысты болатыны белгілі. Ал адам болмысын оның іс-әрекеті айқындайтыны да шындық. Әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының даму тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған сыншылар мен ғалымдардың еңбектерін жан-жақты саралай, өзара салыстыра, салғастыра бағалау нәтижесінде ғана нақты кезеңге тән әдеби үрдістің шынайы бейнесі объективті көрініс табары анық. Ал жекелеген әдебиетші ғалымдардың мұрасын мүмкіндігінше жан-жақты танып білу қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы үшін қазіргі таңдағы алдыңғы кезекте тұрған міндеттердің бірі болып табылады. Отандық әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі, қазақ әдебиетінің білікті теоретиктерінің бірі – Қазақстан Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұхаметжан Қожасбайұлы Қаратаев. XX ғасырдың екінші жартысындағы гуманитарлық ғылымның қалыптасуы мен дамуы, ұлттық өнеріміздің қастерлі тарихындағы жаңа саланың биік белестерге көтерілуі осы есіммен байланысты. Себебі, ол – әдебиет, тарих, эстетика және педагогика салаларын жетік меңгерген, ойын қазақша да, орысша да жеткізе алатын жан-жақты ғалым. Қазақ әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымын дамытуға, оның өсіп-өркендеуіне саналы ғұмырын арнаған, шығармашылық талантын сарқа жұмсаған сыншы-ғалымның ғылыми мұрасы қашанда үлкен маңызға ие.

Мұхаметжан Қожасбайұлы 1910 жылы 26 желтоқсанда бұрынғы Ақмешіт уезінің 32-ауылында, дүниеге келген. Жасында мұсылманша хат таныған ол 1923 жылы Жаңақорған бастауыш мектебіне кіріп, оны бір жылда бітіреді. Одан кейін Орынбордағы медицина техникумына түседі. Осында оқып жүргенде орыс әдебиетінің тамаша білгірі Михаил Павлович Баталовпен танысады. Кейін ол туралы өзінің «Көргенім мен көңілдегім» атты естелігінде: «Ол менің әдебиетке құмарлығымды аңғарса керек, өз

тарапынан маған оқып шығуға кітаптар беріп тұратын болды. Орыс әдебиетінің алтын тұлғасы жарқыраған кең дүниеге, Пушкин мен Лермонтов, Гоголь мен Тургенев, Лев Толстой мен Достоевский, Чехов пен Горький, Короленко мен Серафимовичтердің есімі даңққа бөленген осы дүниеге сен едің ғой мені әкелген, Михаил Павлович Баталов, орыс сөзінің білімдар сақшысы, аяулы ұстаз, қадірлі қамқорым менің! Сен есігін ашқан дүниенің зәулімділігі, кеңдігі, жарықтығы соншалық, мен өмірге қайта туып келгендей болдым да, бұл дүниеге басқа көзбен, жаңа көзбен қарай бастадым. Бұл кезде мен орысша еркін сөйлеп, сауатты жаза бастағанмын. Дүниедегі Горький айтқан ең демократияшыл бостандық сүйгіш орыс әдебиетінің алыптарымен мен қазір өз тілінде, ғажап әуенді сөзге бай, оралымды орыс тілінде сөйлесетін болғанмын, мен олардың әр сөзін сол сөздегі әрбір әсем үнді, көркем бояуды қалтқысыз түсінетін болғанмын», - деп жазады.

1933 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітіріп, Ленинградтың мемлекеттік тарих, философия және әдебиет институтының аспирантурасында оқиды. Институтта орыс және Батыс Еуропа классиктерінің шығармаларымен, Абай өлеңдерімен, қазақ совет әдебиетінің туындыларымен танысады. Белгілі жазушылар Х. Есенжанов, Т. Жароков, Б. Шалабаевтармен бірге оқи жүріп, әр алуан әдеби айтыстарға түседі. Газет-журналдарға жиі мақала жазады. Жаңа дамып келе жатқан кеңестік әдебиетке қызу араласады.

Ол жас кезінен қазақ әдебиеті тарихын зерделеу және оның мұраларын жүйелі зерттеу мәселесіне қатты назар аударады. Осы мақсатта ол қазақ әдебиетінің тарихы мен жанрына талдау жасайтын, нақтылы материалдар негізінде социалистік реализм әдісі мен әдебиет теориясы мәселелерін кеңінен түсіндіретін ғылыми еңбек жазуды қажет деп табады.

М. Қаратаевтың алғашқы күрделі еңбегі – «Қызыл ат» және социалистік реализм» атты мақаласы. Мақалада поэманың өткір, мәнді жақтарын ашумен бірге көркемдігінде кездесетін олқылықтарын атап көрсетті. «Қызыл ат» поэмасы мен «Қызыл сұңқарлар» пьесасына жан-жақты баға беруге, көркемдік парасатын, идеялық мәнін, өмірмен байланысын, әдеби процеске қандай жаңалық әкелгенін ашып көрсетуге талаптанды. Осы мақаладан кейін қаламгердің әдебиет сыншысы ретінде беделі арта түсті. 1934 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде редактордың орынбасары қызметін атқарды. Жаңадан ұйымдасқан газетке жазушылар, ақындар, сыншылар өз пікірлерін, ойларын жазды. М. Қаратаев бұл жылдары әдеби өмірдің қайнаған ортасында болып, жазушылар ұйымының барлық жұмысына, барша бастамаларына араласып отырды.

Қаламгер 1937 жылы Қазақстан Жазушылар одағының бірінші пленумында «Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері» туралы баяндама жасады. Осы баяндама М. Қаратаев еңбегінің жандануына бірден-бір айғақ болды. Баяндамада қазақтың сыншылық ойын кезең-кезеңге бөліп, оның қолы жеткен табысын да, сол кездегі әдеби сынның кемшіліктері,

керітартпа сыңаржақтығы, әдебиеттегі кәте бағыттар жөнінде көптеген нақты мысалдар келтіре отырып кәсіби деңгейде бағдарлап берді. Әдеби сынның өсу жолдарын, оның жетістіктерін, қайшылықтарын, міндеттерін ашуда дәл тұжырымдар айтып оның сол кездегі жағдайына дұрыс баға берді. С. Сейфуллиннің, М. Әуезовтің пьесалары туралы мақала, сын мәселелері жайлы сөзі қазақ әдебиетіне көркем өнер ерекшелігін терең сезінетін дарынды сыншы қосылғанына айғақ болды.

Қоғамдық өмірге, әдебиет өміріне белсене араласуының нәтижесінде 1937 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы болып сайланды. Осы жылдары ол Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогика институтында ұстаздық етіп, қазақ әдебиеті кафедрасын басқарды. Сонымен қатар ол СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалының бюро мүшесі болып тағайындалды. Қазақ педагогикалық институтында және Ленинградта оқыған жылдарда ол академиктер Е.В. Тарле, А.С. Орлов, профессорлар Н.Н. Фатов, М.П. Баталов, В.А. Десницкий, Б.М. Эйхенбаум тағы басқа ғалымдардан тәлім алды. Олардың көмегімен орыстың классикалық әдебиетінің дәстүрін меңгерді.

М. Қаратаевтың әдебиет саласында жылдам өсуіне ұлы революционер демократтар, ағартушы мәдениеттанушылар Н. Чернышевский, Н.А. Добролюбов, Г.В. Плеханов, А.В. Луначарскийлердің бай тәжірибесі шешуші рөл атқарды. Ол орыс әдебиетінің көрнекті өкілдерінің өсу жолына, шығармашылық тәжірибесіне үнемі зер салып қадағалап отырды. Көрнекті ақын, жазушылар А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.В. Гоголь, атақты сыншылар В.Г. Белинский, К. Алтайский сияқты сөз саңлақтарының шығармашылық портретін жасады.

Өмірде таза оқудан басқа тіршілік тауқыметін татып, тағдыр талқысын онша көрмеген М. Қаратаев қайратты да, жалынды жас кезінде, «таптық тартыс» деп аталатын ала топалаңның арасына түсіп, қазақ интеллигенциясына келген репрессия алапатына ұшырап, 1938-1946 жылдары Краснояр өлкесінде болады. Одан кейін лагерь айдауда болумен ауыстырылып, 1946 жылдан 1951 жылға дейін Жамбыл облысына жіберіледі, ал 1951-1955 жылға дейін тағы да Краснояр өлкесінде болады. Ғалымның сыншылдық, зерттеушілік бағыттағы алғашқы қадамы осындай күрделі кезеңге тап болды.

1938-1954 жылдар аралығында жеке басқа табынушылықтың зардабынан көрген қиыншылық, қуғын-сүргіндерінен кейін, өзінің қайсар мінезімен қазақ әдебиеттану саласындағы творчестволық еңбегіне 1955 жылы қайтып оралды. Сыншы әуелгі кезде «Жазушы» баспасынан кітаптар алып, аудармамен айналысты. 1957 жылы осы баспаға директор болып тағайындалды.

1958 жылы сыншының екі тілде жазған әдеби сын-мақалаларының жинағы шықты. Олар – «Туған әдебиет туралы ойлар», «Рожденная Октябрем». Бұл кітапта сыншы сан-салалы әдебиетіміздің асу-аңғарлары мен бел-белестерін, өткен жолдарын, болашақ бағдарын байқатады.

Кітаптағы тақырыптар да әр алуан. Мұнда орыс поэзиясының алыптары А.С. Пушкин мен М.Ю. Лермонтовтың отты өлеңдері, дарынды дастандары да, орыстың ержүрек әйелдері жөнінде Н.А. Некрасов жасаған бейнелер де, Г.В. Плехановтың эстетикалық көзқарастары да, Абайдан бастап, бүгінгі қазақ ақын, жазушыларының шығармалары да сөз болады.

Мәскеуде басылып шыққан М. Дүйсеновпен бірге дайындаған «Казахская литература» (1972) атты хрестоматиясы, К. Алтайскиймен қосылып шығарған «Бахсы» (1960), «Путешествие в Жер-уюк» (1971), «Жидели-байсын – земля счастья» (1977), А. Брагин екеуі жазған «Путешествие за песнями (1958) деген кітаптарынан басқа М. Қаратаевтың орысша басылған үлкенді-кішілі еңбектері төмендегідей «Любить и утверждать прекрасное» (1960), «Сакен Сейфуллин» (1964), «Мировоззрение и мастерство» (1965), «Мухтар Әуезов» (1967), «От домбры до книги» (1969), «Вершины впереди» (1972,1977), «Казахская литературная критика на современном этапе» (1974), «Свет русской культуры» (1975), «В семье единой» (1976), «Новые горизонты» (1979), «Казахская литература на современном этапе» (1979) атты кітаптары арқылы орыс және бүкіл Одақ оқырмандарын Қазақстанның ұлттық іргелі әдебиетімен таныстырды. «1933 жылы, - дейді өзінің естелігінде М. Қаратаев – Қырым курортына жолдама алып, оған Мәскеу арқылы баратын болдым. Мен сол Мәскеуге келіп түскен күні «Литературная газетаның» кезекті саны қолыма тиді. Газетте Луначарскийдің «Сын туралы ойлар» деп аталған мақаласы жарияланған екен. Менің өмір жолдарының бір саласына батыл түсуіме сол мақала себепші болды. Сондағы менің ойымда қалғаны – сын құрметті де құдыретті сала екен. Және бір түсінгенім: Қазақстанда сыншы болу – тың көтергенмен пара-пар». М. Қаратаев – шынында да Қазақстанның әдеби сын саласындағы тыңын тұңғыш көтеруші, соныға соқпақ салушы. Ол шыншыл сыншы еді. Әділ сыншы болу әркімнің қолынан келе бермейді. «Сыншының өнерін оңай кәсіп, әркімнің қолынан келе беретін іс деп есептейтіндер мықтап қателеседі, сыншының дарыны сирек кездесетін дарын, оның жолы тайғақ та қауіпті жол», - деп жазды ұлы В.Г. Белинский. Сонымен бірге ол, осы міндетті әділ атқару үшін сыншының бойында тебіреністі терең сезім, өнерге деген ыстық сүйіспеншілік, асқан ақыл объектілігі және әуестікке, елігушілікке беріліп кетпейтін табанды ұстамдылық қасиеті болуға тиіс, - деп атап көрсетті. Осы ұлағатты қағиданы берік ұстанған сыншы сын жолының сан қырлы кезеңдерін басынан өткерді. Өмірінің соңына дейін басқа жаққа ауытқымай, әдебиетіміздің осы бір абыройы аз, азабы көп жанрында үздіксіз еңбек етті.

Мұхаметжан Қожасбайұлы – философиялық терең білімді, саясатқа жетік, өмірді, замана тынысын жете білетін трибун, қазақ совет әдебиетінің процестерін, қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктерін зерттеуге үлкен үлес қосқан талантты ғалым, әдебиет сыншысы, публицист. Оның ойлы да шешен сындары, ғылыми-зерттеу еңбектері мен саяси өткір

публицистикасы, әдеби-көркем шығармалары республикалық, Одақтық түрлі жинақтар мен альманахтарда, баспасөз беттерінде жарияланып отырған. Оларда автор көкейкесті әдеби-эстетикалық проблемаларды, шығармалардың идеялық-көркемдік дәрежесін, жазушылық шеберлікті арттыру мәселелерін көтеріп отырды.

Қаламгер қазақ әдебиетінің алтын қорына кірген бірнеше публицистикалық шығармалар жазды. Атап айтқанда, А. Брагинмен бірлесе жазған «Жыр қанатында» (1958), К. Алтайскиймен бірігіп жазған «Гудок в степи» (1961), «Путешествие в Жер-Уюк» (1961), «Жидели байсын – земля счастья» (1977), тарихи деректерге негізделген, шын болған фактілер мен оқиғалар негізінде жазылған «Даладағы дабыл» (1961) романы. Академик М. Қаратаев жұртшылыққа аудармашы ретінде де кеңінен танымал. Оның алғашқы аудармаларының бірі – М. Горькийдің «Менің университетім» повесті. 1956 жылы М. Шолоховтың «Тынық Дон» эпопеясының үшінші кітабын аударған.

Сыншы «Асулар алда» деп аталатын мақалалар жинағы үшін – 1974 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Бұл әдебиет, мәдениет қауымы үшін зор қуаныш. «Асулар алда» кітабында әдебиет пен өнердің эстетикалық сипаты жөнінде толғамды теориялық жүйедегі зерттеу мақалалар бар. Әдебиет құбылысын эстетикалық заңдылықтарға байланыстыра қарастыратын бұл еңбектің оқушыға берер мағлұматы аз емес. Бұл жинаққа М. Қаратаев өзінің қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері А. Тоқмағамбетов, Н. Анов, С. Мәуленов, Х. Ерғалиев шығармашылығы туралы мақалаларын да енгізген. Әдебиет сынының қызығы мен олқысын баяндайтын, сынның қоғамдық борышын сөз ететін мақалалар да маңызды.

Академик М. Қаратаев 1968 жылдан ұйымдаса бастаған Қазақ совет энциклопедиясы редакциясын басқарды. Аз жылдың жүзінде бұрын жобасы да болмаған қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы құрылып, оның 12 томы жарық көрді. Тоқсан тарау ғылымның түйіні тоқайласатын осы бір қиын да жауапты жұмысқа әрі сыншы, әрі білімдар ғалым көп еңбек сіңірді. Бұл – Қазақстан ғылымы, оның ішінде, әдебиеттану саласында шын мәнінде айта қаларлықтай жетістік.

М. Қаратаев өмірінің көп жылдарын ғылыми-педагогтік жұмысқа арнады. Оның тарих пен эстетика жөніндегі тартымды және мазмұнды лекцияларын Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының және С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің студенттері тыңдады. Қазіргі кезде республикамыздың барлық түпкірлерінде жемісті жұмыс істеп жүрген мыңдаған мұғалімдер, ақындар, жазушылар, ғалымдар, журналистер өздеріне білім беріп, таңдаған мамандықтарына деген сүйіспеншілікті көкіректеріне ұялатқаны, ізгі және ақылды тәлімгер болғаны үшін Мұхаметжан Қаратаевқа дән риза. Отызыншы жылдарда Қазақстанда бастауыш, орта және орталау мектептердің көбеюі, жоғары оқу орындарында тіл, әдебиет

факультеттерінің ашылуы әдебиеттің оқулықтары мен хрестоматияларын қажет етті, оларды жазуға жазушылар мен сыншылар ат салысты.

М. Қаратаев – орта және жоғары оқу орындары үшін жазылған бірнеше оқулықтың авторы. Олардың біріншісін ол сонау 1935 жылы Т. Нұртазинмен, ал соңғысын С. Қирабаевпен бірге 1987 жылы жазды. «Қазақ совет әдебиеті» – филология факультеттері үшін жазылған бірінші іргелі оқу құралы. Онда қазақ әдебиетінің дамуына өз үлестерін қосқан ірі жазушылар мен ақындар жөнінде мақалалар берілген. Қазақ кеңес әдебиеті дамуының жалпы үрдістері мен заңдылықтары ашылып, қазақ көркем сөзінің негізгі жанрлары – прозаның, поэзияның, драматургияның алдында тұрған елеулі міндеттер көрсетілді.

Сайып келгенде, академик М. Қаратаев өмірі мен кезеңі, шығармашылық мұрасы аса бай, әрі мағыналы, мазмұнды екенін айқын аңғарамыз. Ол әсіресе кеңес кезеңіндегі үдерісті тамыршыдай тап басып, оның өзекті де маңызды мәселелеріне дер кезінде үн қосты. Ұлттық сөз өнеріндегі жаңалық жетістіктерге, көркемдік мұраттарға маңыз бере отырып, артық кем тұстарға баса назар аударды. Ақиқатқа тура қарау арқылы әдеби үдеріс мәселесін еркін көтерді. Ол – көсемсөз үлгісінде, әдеби-сын еңбектерінде кең орын алды. Демек, академик М. Қаратаевтың шығармашылық кезеңдері ұлттық әдебиеттің даму бел-белестерімен тығыз байланысты.

Аманжолова К. Б., Ермаганова М.З. –
Еуразия ұлттық университеті ғылыми кітапханасының қызметкері

МҰХАМЕТЖАН ҚАРАТАЕВТЫҢ ЖЕКЕ КІТАПХАНАСЫ

Мемлекетіміздің мәдени саясатын жүзеге асыру негізінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанынан құрылған «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының алдына қойған мақсаттарының бірі – әдебиет қайраткерлерінің мемориалдық кітап қорын құрып, ұлттық ғылым мен өнерді насихаттау.

Бүгінде белгілі жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың басшылық етуімен осы мақсатты жүзеге асыруда ғылыми орталықтың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімі көптеген жұмыстар атқаруда. «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығын құру туралы ҚР Үкіметінің қаулысы шыққаннан кейін, бірқатар қоғам қайраткерлері және жазушылар ақпарат құралдары арқылы «Ұлы Отырар кітапханасын қалпына келтірейік», - деп дабыл көтерген.

«Адамзаттың ақыл-ойын дамытуда аңызға айналған Отырар кітапханасын қолға алып, қайта ұйымдастыру, өркениет дүниесіне таныту – қасиетті борышымыз. Еліміздің парасат-пайымын байытып дамыта түсуге берілген бұл да бір мүмкіндік. Көне дәуірден бастап күні бүгінге дейінгі еліміздің арғы-бергі бүкіл өміріне қатысты барша жәдігерлер Отырар кітапханасының төрінде тұрса, ұлттық мақтаныш болмақ. Сол үшін қолда бар сирек кітаптар мен көне жазбаларды, әдебиет пен мәдениетке, тарих пен өнерге, ғылым мен білімге қатысты жазба ескерткіштерді осы кітапхана қорына өткізуге шақырамыз», - деп жазылған зиялылар үндеуінде.

Ғылыми орталықты ұйымдастырушының бірі, қазақ мәдениетінің қамқоршысы И. Тасмағамбетов: «Меніңше, әйгілі кітапханаларды үлкен білім ордаларында орналастырған орта ғасырлық өркениет үрдісін біз де жаңғыртып, «Отырар кітапханасын» осы университет жанынан ашқан жөн сияқты. Оның ғимаратының салыну мен құрал-жабдықтарының алынуын Үкімет өз мойнына алғанымен, жаңа кітапхананың заңды мақтанышы ондағы қолжазбалар мен сирек кездесетін кітаптар бөлімін ескінің көзіндей болған көне кітаптармен толықтыруға зиялы қауымның ат салысатынына сенімдімін», - деп пікір білдірген еді.

«Отырар кітапханасын» құн жеткісіз қолжазбамен, сирек кітаптармен жасақтау зиялы қауымға тәуелсіздіктің бір аманатындай көрінді. Содан бастап қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушыларымыз, ұлттық мұраны қадірлейтін жеке тұлғалар да құнды кітаптар мен қолжазбаларды орталыққа тапсырды. Сауапты іске дүниеден өтіп кеткен ұлы тұлғалардың ұрпақтары да ат салысуда. Соның бірі – ҚР Мемлекеттік сыйлығының мерейгері, көрнекті сыншы, ғалым-әдебиетші, академик Мұхаметжан Қаратаевтың отбасы. Санаулы ғұмырын ғылымға арнаған ғалымның артында көптеген кітаптары мен қолжазбалары қалды. Сол бай мұраны балалары біздің орталыққа әкеліп тапсырды. Оның жеке мемориалдық кітап қоры кітапхана ғимаратының

екінші қабатында «Ғалымдар кітапханасы» залында орналасқан. Қорға өткізілген басылымның жалпы саны – 947 дана. Олардың дені әдебиет саласына арналған. Соның ішінде ғалымның еңбектері, бір кездері өзі басшылық жасаған «Қазақ совет энциклопедиясының» барлық томы, қазақ совет ақын-жазушыларының еңбектері, орыс классиктері М. Горький мен Л. Толстойдың толық шығармалар жинағы, қырғыз жазушысы Ш. Айтматовтың, өзбек жазушысы И. Султонның, қырғыз ақыны А. Токомбаевтың және украин жазушысы Г. Довнардың қолтаңбамен берілген кітаптары бар. Кітапхананың сирек кездесетін кітаптармен толықтыру кітаптың санына, басылым ерекшелігіне, шығарылған мерзіміне, сонымен қатар кітаптағы түрлі таңбаларға да қарай құнды болып саналады. Сондай таңбаның бірі – автордың қолтаңбасы. Қаратаев қорындағы кітаптардың көп бөлігі – қолтаңбамен берілген кітаптар. Оларға сараптама жүргізу барысында академик М. Қаратаевтың көптеген ізденуші ғалымдарға ақылшы абыз әрі ұстаз, қазақ әдебиетінің аяулы ағасы болғандығының куәсі боламыз. Мысалы,

«Жүрекпен дархан ел берген,
Болдыңыз шындық тынысы.
Әділдік үшін сермелген,
Қазақтың алмас қылышы!» (М. Шаханов).
«Сізді оқысам кіремін баққа қалың,
Сарайымды жаңғыртып шаттанамын.
Темірқазық секілді мәңгі бағыт,
Биікте Мұқаң тұр деп мақтанамын» (Ө. Күмісбаев)

деген сияқты шын көңілмен жазылған қолтаңбалар ғалымға деген ыстық ықылас пен адал ниетті білдіріп тұрғандай.

Қордағы кітаптардың барлығы бірдей өңдеуден өткізіліп, кітапхана бағдарламасы бойынша компьютерге енгізілген. Оқырмандар қордағы әдебиеттер туралы мәліметті бөлімдегі алфавиттік, жүйелілік каталогтары арқылы алуларына болады.

1960-80 жылдары Қазақстанның, тіпті Одақтың әдеби-рухани әлемінде академик М. Қаратаевтың тұлғасы ерекше көрінді. Ғалымның көркем аударма туралы пікірлері, әдебиет сыны жөніндегі парасатты пайымдары әлі де құндылығын жойған жоқ. Ол кездің әдебиетшісі үшін «Қаратаевтан бата алу» деген ұғым тереңдікке, біліктілікке, сапалыққа құштарлықты байқататын. Әрине, әр тұлға – өз заманының перзенті. Сондықтан М. Қаратаев кезеңі қанша күрделі болса сол тұста білім алған, тәрбиесін көрген шәкірттері үшін сонысымен тағылымды болып қалмақ.

Ғылыми кітапханада ғалымның кітаптары ғана емес, көп жыл пайдаланған жеке заттары: жазу құралдары, медальдары, фотоальбомдары, СССР Ғылым академиясының құрылғанына 250 жыл толуына арналған ескерткіш медальон, Әл-Фарабидың, С. Сейфуллиннің және тағы басқа ғалымдар мен жазушылардың шығармашылығына арналған конференцияларынан ескерткіш медальондар, әр жылдарда ғалымға сыйға берілген кәдесыйлар: радиоқабылдағыш, Қазақстан картасы (1971), насыбай

шақша, домбыра (1971); қарақұл жағалы қара пальтосы, Жамбыл Жабаевпен Мәскеуде 1936 жылы бірге түскен үлкейтілген фотосуреті, 60 жасқа толғанда сыйға берілген Қаратаевтың суреті бейнеленген үлкен қыш құмыра, ғалымның 50, 60, 70, 80 жылдық мерейтойларына арналған құттықтау папкалар, фотоальбомдар, ескерткіш жазулары бар сувенирлер, алғыс хаттары, ұнтаспалары сақтаулы тұр.

51 папкадан тұратын қолжазбаларының ішінде оқырмандарды қызықтыратын еңбектері, газетке жарияланған түрлі мақалалары, диссертациялық, дипломдық жұмыстарға арнап жазған пікірлері, хаттары, шақыру билеттері, кітаптарының, мақалалар мен баяндамаларының қолжазбалары бар. Бір дәуірді сол дәуірдің белді қаламгерінің көзімен қарау оңтайлы тәсіл. Ғалымның кітап шетіне жазған ескертпелері, түрлі қолжазбалардағы түзетулері, авторлық белгілері мен таңбалары – арнайы зерттеуді талап ететін жайттар. Бұл – жас зерттеушілер мен ғалымдар үшін үлкен олжа.

Ғылым, өнер және мәдениет көзі – кітапта. Ол – ұрпақтан ұрпаққа берілетін сарқылмас рухани азық. Кітаптың құндылығын өте жоғары бағалаған академик М. Қаратаев: «Кітап – дүниетанудың кілті», - деген екен. Осы рухани азықтың шашауын шығармай, жоғалтпай бізге жеткізген – ғалымның келіндері Жәмила Құланбайқызы мен Ғайни Серғазықызы және балалары.

Тәуелсіз мемлекетіміздің тұғыры нығайып, ұлттық құндылықтарымызды, соның ішінде төл тарихымыз бен әдебиетімізді дамыту, тың деректермен байыту бағытындағы келелі мәселелерге бетбұрыс жасаған бүгінгі уақытта әдеби мұраларда жатқан көркем дүниелерді қайта көтеру, ұлттық әдеби сынның өзекті мәселелеріне оның қалыптасуы мен өсіп өнуіне үлес қосқан сыншы-ғалымдардың шығармашылық мұрасын жан-жақты зерделеу – қазіргі заман әдебиеттануының көкейкесті мәселелерінің бірі.

Қазақ әдебиеттану ғылымының қиын мәселелерінің бетін ашып, дұрыс шешімін табуға ерен еңбек сіңірген ғалым-әдебиетші ретінде Мұхаметжан Қаратаевтың жеке кітап қоры мен мемориалдық заттарын сақтау, оларды оқырмандардың пайдалануына мүмкіндік жасау, шығармашылығына зерттеу жұмыстарын жүргізу орталық қызметкерлерінің ортақ міндеті болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бәйшегір Е. Отырар кітапханасы қайта оралды // Астана. – 2000. – №1
2. Тасмағамбетов И. Отырар кітапханасы – өркениеттілік белгісі // Егемен Қазақстан. – 2001. – 17 шілде.
3. Шаханов М. Сенім патшалығы. – Алматы: Жазушы, 1977. – 208 б.
4. Күмісбаев Ө. Екі перне. – Алматы: Жазушы, 1980. – 156 б.

Гүлназия БОДЫҚҚЫЗЫ,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының жетекші ғылыми қызметкері // Кітап патшалығы. – 2010. – №3-4. – Б.36-38

АКАДЕМИК МҰХАМЕДЖАН ҚАРАТАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Оқу кітабы: бастауыш мектеп. 8 класс. 3-басылуы / құраст. Х. Есенжанов, М. Қаратаев. – Алматы: Қазақтың мемлекет баспасы, 1935.
2. Әдебиет хрестоматиясы. 2-бөлім, 4-класс, 2-басылуы / құраст. М. Жолдыбаев, Ә. Қоңыратбаев, М. Қаратаев. – Қызылорда: Қазақстан, 1936. – 94 б.
3. Горький М. Менің университеттерім / аударған М. Қаратаев. – Алматы-Қазан: Қазмемкөркемәдеббас, 1936. – 168 б.
4. Қазақ совет әдебиеті. 10 класқа арналған оқу құралы және хрестоматия. – Алматы: Қазақстан, 1938.
5. Шолохов М. Тынық Дон. 3-кітап / аударған М. Қаратаев. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1956. – 460 б.
6. Кононов А. Кашиноға барғанда. В.И. Ленин туралы әңгімелерден. Балалар үшін / аударған М. Қаратаев. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957. – 16 б.
7. Жыр қанатында. Шығыстағы досқа қазақ әдебиеті туралы хаттар / М. Қаратаев, А. Брагин. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1958. – 77 б.
8. Туған әдебиет туралы ойлар: мақалалар жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1958. – 443 б.
9. Ілияс Жансүгіров. Өмірі мен творчествосы: орта мектептің 10 класына арналған көмекші құрал. – Алматы: Қазақтың оқу педагогика баспасы, 1959. – 60 б.; 1962. – 55 б.
10. Өнерпаз болсаң арқалан: көркемөнер мен әдебиеттің тәрбиедегі рөлі туралы. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1960. – 64 б.
11. Қушиқ қанотида. – Тошкент: Давлат бадий адабиет нашриети, 1961.
12. Ільяс Жансүгіров. – Алматы: Оқупедбас, 1961. – 56 б.
13. Даладағы дабыл: документтерге негізделген публицистикалық роман. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962. – 508 б.
14. Шеберлік шыңына. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1963. – 420 б.
15. Әдемілікке үйрететін ұстаз. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 70 б.
16. Даладағы дабыл: документтерге негізделген публицистикалық роман. – Алматы: Жазушы, 1967. – 467 б. – (Қазақ прозасының кітапханасы).
17. Осы заман шындығы – қазіргі әдебиеттің өзегі. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Білім» қоғамы, 1965. – 48 б.
18. Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1965. – 409 б.
19. Мұхтар Әуезов. Туғанына 70 жыл. – Алматы: Жазушы, 1967. – 128 б.
20. Қажым Жұмалиев. Ғалым: жазушы, педагог / М. Қаратаев, С. Сейітов, З. Қабдолов, Х. Әдібаев. – Алматы: Ғылым, 1968.

21. Қазақ совет әдебиеті: жоғары оқу орындары филология факультеттеріне арналған құрал. – Алматы: Мектеп, 1968. – 632 б.; 1971. – 632 б.
22. Шеберлік шыңына: қазақ совет әдебиетінің келелі мәселелері жайлы зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1968. – 418 б.
23. Эпостан эпопеяға: әдеби-сын зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1969. – 444 б.
24. Әдебиет және эстетика: әдеби сын зерттеулер. – Алматы: Жазушы. – 1970. – 352 б.
25. Совет әдебиетінің мақтанышы. Мұхтар Әуезовтің туғанына 75 жыл толуына. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Білім» қоғамы, 1972. – 22 б.
26. Таңдамалы шығармалар. 3 томдық. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1974. – 343 б.
27. Таңдамалы шығармалар. 3 томдық. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1974. – 342 б.
28. Таңдамалы шығармалар. 3 томдық. 3-том. – Алматы: Жазушы, 1974. – 368 б.
29. Революция рухымен: жинақ / М. Қаратаев. – Алматы: Жазушы, 1978. – 416 б.
30. Октябрь төлі / М. Қаратаев. – Алматы: Білім, 1980. – 40 б.
31. Даладағы дабыл: документтерге негізделген публицистикалық роман. – Алматы: Жазушы, 1981. – 400 б. – (Қазақ Совет романының кітапханасы).
32. Көргендерім мен көңілдегім: естеліктер, портреттер, эсселер. – Алматы: Жалын, 1982. – 280 б.
33. Ізденіс іздері: әдеби-сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1984. – 376 б.
34. Қазақ Совет әдебиеті: жоғарғы оқу орындарына арналған / М.Қаратаев. – Алматы: Мектеп, 1987. – 295 б.
35. Бетбұрыс белестері: мақалалар, естеліктер (1985-1995 ж.ж.) / жинақты құраст. баспа. әзірлеген Ж. Қаратаева. – Алматы: Алатау, 2005. – 336 б.
36. Көргендерім мен көңілдегім: естеліктер, портреттер, лебіздермен толғаныстар / жауапты ред. Б. Кәрібозұлы. – Астана: Фолиант, 2009. – 328 б. – (Сырдария кітапханасы).
37. Шығармалары: сын-зерттеулер. – Алматы: Ана тілі, 2010. – 400 б.

ОРЫС ТІЛІНДЕГІ ЕҢБЕКТЕРІ:

38. Рожденная Октябрем: статьи и очерки о казахской литературе. – Алма-Ата: Казгослитиздат., 1958. – 376 с.
39. Путешествие за песнями: письма другу с Востока о казахской литературе / в соавторстве А. Брагиным. – Алма-Ата: Казгослитиздат., 1958. – 96 с.
40. Казахская литература: сборник статей. – Москва: Гослитиздат., 1960. – 187 с.
41. Бахсы: рассказ / К. Алтайский, М. Каратаев. – Алма-Ата: Казгослитиздат., 1960. – 19 с.
42. Гудок в степи: роман / в соавторстве К. Алтайским. – Алма-Ата: Казгослитиздат., 1961. – 431 с.
43. Любить и утверждать прекрасное. – Алма-Ата: Казгослитиздат., 1960. – 69 с.
44. Сакен Сейфуллин. Поэт. – Москва: Знание, 1964. – 31 с.
45. Проблемы социалистического реализма в казахской литературе. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Алма-Ата, 1964. – 101 с.
46. Ильяс Жансугуров. О творчестве. – Алма-Ата: Жазушы, 1965. – 47 с.
47. Мировоззрение и мастерство: книга статей и литературных портретов. – Алма-Ата: Жазушы, 1965. – 562 с.
48. Мухтар Ауэзов: заметки о творчестве / перевод с казахского Л. Шариповой. – Алма-Ата: Жазушы, 1967. – 85 с.
49. Казахская литература: хрестоматия для 9-10 классов русских школ Казахстана / сост. М.К. Каратаев, Т.М. Дуйсенов. – Алма-Ата: Мектеп, 1968. – 284 с.; 1969. – 284 с.; 1970. – 284 с.; 1971. – 284 с.; 1972. – 284 с.; 1973. – 284 с.; 1974. – 272 с.
50. От домбры до книги: исследований и статьи. – Москва: Советский писатель, 1969. – 399 с.
51. Школьникам о Ленине: для учащихся казахской восьмилетней школы / М. Каратаев, Е.И. Ривлин, М.Т. Дуйсенов, Р.С. Сверчкова. – Алма-Ата: Мектеп, 1970. – 176 с.
52. Путешествие в Жер-Уюк. Книга о Казахстане / К. Алтайский, М. Каратаев. – Москва: Детская литература. – 1971. – 127 с.
53. Вершины впереди. По пути партийности и народности. – Алма-Ата: Жазушы, 1972. – 480 с.
54. Казахская литературная критика на современном этапе. – Алма-Ата: Общество «Знание» Каз. ССР, 1974. – 39 с.

АКАДЕМИК М. ҚАРАТАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР

1958

1. Дүйсенов М. Дарынды әдебиетші: М. Қаратаев туралы // Лениншіл жас. – 1958. – 21 окт.

1959

2. Сәрсекеев М. Сыншының еңбегі: [Көрнекті сыншы М. Қаратаев туралы] // Қазақ әдебиеті. – 1959. – 30 янв.

1961

3. Адамбаев Б. Жастардың жанашыры: М. Қаратаев 50 жаста // Ленин жолы. – 1961. – 20 янв.
4. Әуезов М.О. Өрлеу егіз – қатар болсын: [М. Қаратаев туралы] // Қазақ әдебиеті. – 1961. – 20 янв.
5. Базарбаев М. Жауынгер жаныр солдатты: [М. Қаратаевтың 50 жасқа толуына орай] // Қазақ әдебиеті. – 1961. – 20 янв.
6. Бердібаев Р. Көрнекті сыншы // Қазақстан мұғалімі. – 1961. – 19 янв.
7. Жұмалиев Қ. Сыншы – әдебиет досы: [М. Қаратаевтың 50 жасқа толуына орай] // Соц. Қазақстан. – 1961. – 20 янв.
8. Қоңыратбаев Ә. Дарынды сыншы // Ленин жолы. – 1961. – 20 янв.
9. Сәрсекеев М. Сыншы жолы: [М. Қаратаевтың 50 жасқа толуына орай] // Жұлдыз. – 1961. – № 2. – 123-126 б.
10. Тоғысбаев Б. Сыншы абыройы: [М. Қаратаевтың 50 жасқа толуына орай] // Лениншіл жас. – 1961. – 19 янв.

1964

11. Бердібай Р. Мұхаметжан Қаратаев: [Қазақ әдебиетінің көрнекті сыншысы, филол. ғылымдарының докторы] // Қазақ әдебиеті. – 1964. – 3 июль.
12. Жәмішев Ә. Мұхаметжан Қаратаев – ғылым докторы: [Қазақ әдебиетінің көрнекті сыншысы] // Лениншіл жас. – 1964. – 30 июнь.

1966

13. Әдібаев Х. Әдебиеттің сыннан өткен әдісі: [М. Қаратаевтың «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» деген еңбегіне сын] // Соц. Қазақстан. – 1966. – 16 янв. – 3 б.

14. Ровенский Н. Жауынгер жанр сапында: Сыншы – сыншы туралы: М. Қаратаев творчествосы жайында // Жұлдыз. – 1966. – № 11. – 121-125 б.

1967

15. Әшімбаев С. Үлесі үлкен: [М. Қаратаевтың «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» деген монографиясы] // Қазақ әдебиеті. – 1967. – 14 июль.

1970

16. Мәуленов С. Құмнан – қияға: Сыншы-ғалым М. Қаратаев 60 жаста // Жұлдыз. – 1970. – № 12. – 135-142 б.
17. Сатыбалдиев Ә. Қазақ әдебиетінің жаршысы: М. Қаратаев // Қазақстан мектебі. – 1970. – № 12. – 70-74 б.

1971

18. Академик М. Қаратаев Жаңақорған ауданында // Ленин жолы. – 1981. – 16 июнь Алтайский К. Өнер шежірешісі: [М. Қаратаевтың 60 жасқа толуына] // Қазақ әдебиеті. – 1971. – 5 февр.
19. Досанов С. Қыранша самғап қияға: [М. Қаратаевтың 60 жасқа толуына] // Қазақстан мұғалімі. – 1971. – 21 янв.
20. Есенжанов Х. Алғыр ғалым, сара сыншы: [М. Қаратаевтың 60 жасқа толуына] // Соц. Қазақстан. – 1971. – 5 февр.
21. Жолдасбеков М. Кемелді жырлар белесінде: М. Қаратаевтың 60 жасқа толуына // Мәдениет және тұрмыс. – 1971. – № 1. – 16 б.
22. Қабдолов З. Егіз-қатар өрлеумен...: М. Қаратаев туралы // Қазақ әдебиеті. – 1971. – 5 февр.
23. Мұқанов С. Әдебиеттің айбынды сақшысы: М. Қаратаевтың 60 жасқа толуына // Қазақ әдебиеті. – 1971. – 5 февр.
24. Нұртазин Т. Әдебиеттің айбынды сақшысы: М. Қаратаев – 60 жаста // Қазақ әдебиеті. – 1971. – 5 февр.
25. Сахариев Б. Жанр жүгін арқалап...: [М. Қаратаевтың 60 жасқа толуына] // Лениншіл жас. – 1971. – 5 февр.
26. Тоқмағамбетов А. Аға сәлемі: М. Қаратаевқа арналған өлең // Ленин жолы. – 1971. – 5 февр.
27. Түменбаев Ж. Сыншы ғылымға деген зор құрмет // Ленин жолы. – 1971. – 2 июнь.

1972

28. Төреқұлов Н. Сынның сырлы семсері // Лениншіл жас. – 1972. – 23 июнь.

1979

29. Қирабаев С. Сыншы еңбегі: М. Қаратаевтың «Революция рухымен» кітабы жайында // Қазақ әдебиеті. – 1979. – 30 нояб.

1981

30. Балғабаев С. Туған жерге келгенде: М. Қаратаев пен Ә. Тәжібаев: өлең // Ленин жолы. – 1981. – 13 июнь.

1985

31. Әшімбаев С. Сыншыл ой туралы сыр: Сыншы М. Қаратаев еңбектері туралы // Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық: әдеби-сын мақалалар. – Алматы: жазушы, 1985. – 13 - 19 б.
32. Оразаев Ф. Әділ сынның сардары // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 27 декабрь. – 6 б.

1986

33. Ерғалиев Х. Сынақтан өткен сын // Ерғалиев Х. Өмір өрнегі: эссе, очерк, публицистика. – Алматы, 1986. – 122 - 124 б.

1987

34. Қаратаев Мұхамеджан // Советтік Қазақстан жазушылары: био-библиографиялық анықтамалық. – Алматы: Жазушы, 1987. – 345 - 346 б.
35. Досанов С. Парыз тауына барар жол // Ленин жолы. – 1987. – 12 февр.

1990

36. Есмаханов С. Қайратыңыз қаржалмасын, Мұха! // Ленин жолы. – 1990. – 26 желт.
37. Қайырбеков Ғ. Қазақ сынының қара нары // Социалистік Қазақстан. – 1990. – 27 желт.
38. Қаратаев М. Ақиқаттан ауытқып қалмайық: Сыншы, академик М. Қаратаевпен әңгіме / әңг. Ж. Шағатаев // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 21 желтоқсан.
39. Тебегенов Т. Туған әдебиет тағдыры толғандырған // Ленин жолы. – 1990. – 26 желтоқсан.

40. Төрекұлов Н. Аға сыншы // Алматы ақшамы. – 1990. – 27 желтоқсан.

1991

41. Мәуленов С. Құмнан шыңға: Сыншы М. Қаратаев туралы ойлар // Мәуленов С. Сыр мен жыр. – Алматы, 1991. – 164 - 176 б.

1995

42. Әбдірахманқызы Тұрсынхан. Топырағың торқа болсын, аға!: [Қазақстанның халық жазушысы М. Қаратаевтың қазасына көңіл білдіру] // Қазақ әдебиеті. – 1995. – 20 маусым (№12). – 4 б.

43. Әсіп С. Тұңғыш энциклопедист: [Қазақстанның халық жазушысы М. Қаратаевтың қазасына көңіл білдіру] // Егемен Қазақстан. – 1995. – 13 маусым.

44. Баймолдин С. Қадірі зор аға: [Қазақстанның халық жазушысы М. Қаратаевтың қазасына көңіл білдіру] // Халық кеңесі. – 1995. – 13 маусым.

45. Дәуітұлы С. Қазақтың Қаратаевы: [Қазақстанның халық жазушысының қазасына көңіл білдіру] // Қазақ әдебиеті. – 1995. – 20 маусым (№ 12). – 4 б.

46. Елеукенов Ш. Қош, сын сардары!: [Қазақстанның халық жазушысы М. Қаратаевтың қазасына көңіл білдіру] // Халық кеңесі. – 1995. – 13 маусым.

47. Есімжанов Т. Қоштастық қол алыспай (М. Қаратаевқа): өлең // Түркістан. – 1995. – 14 маусым.

48. Жәмішұлы Ә. Қайран Мұқа!: [Қазақстанның халық жазушысының қазасына көңіл білдіру] // Қазақ әдебиеті. – 1995. – 20 маусым (№ 12). – 4 б.

49. Қирабаев С. Қазақтың Белинский!: [Қазақстанның халық жазушысы М. Қаратаевтың қазасына көңіл білдіру] // Егемен Қазақстан. – 1995. – 13 маусым.

50. Мұхамеджан Қаратаев: [Қазақстанның халық жазушысы, филология ғылымының докторы. Қазанама] // Егемен Қазақстан. – 1995. – 13 маусым.

51. Нұрғалиев Р. Тұлпар шабысты жүйрік: [Қазақстанның халық жазушысы М. Қаратаевтың қазасына көңіл білдіру] // Егемен Қазақстан. – 1995. – 13 маусым.

52. Оразаев Ф. Есте қалатын есім: [Қазақстанның халық жазушысы М. Қаратаевтың қазасына көңіл білдіру] // Қазақ әдебиеті. – 1995. – 20 маусым (№ 12). – 4 б.

53. Сариев Ш. Бір сөз: [Қазақстанның халық жазушысы М. Қаратаевтың қазасына көңіл білдіру] // Егемен Қазақстан. – 1995. – 13 маусым.
54. Тәжібаев Ә. Қош, қайран дос!: [Қазақстанның халық жазушысы М. Қаратаевтың қазасына көңіл білдіру] // Егемен Қазақстан. – 1995. – 13 маусым.
55. Хасенұлы М. Қош болыңыз, қадірлі аға: [Қазақстанның халық жазушысы М. Қаратаевтың қазасына көңіл білдіру] // Халық кеңесі. – 1995. – 13 маусым.
56. Шаухаманов С. Сағынады Сыр сұлу, сағынады сары дала...: [Қазақстанның халық жазушысы М. Қаратаевтың қазасына көңіл білдіру] // Егемен Қазақстан. – 1995. – 13 маусым.

1999

57. Қирабаев С. Ағалы–інілердей едік: [Сыншы Мұхамеджан Қаратаевтың қызмет жолы туралы] // Алматы ақшамы. – 1999. – 7 шілде.

2000

58. Қирабаев С. Ғалым – сыншы тағлымы: [Әдебиетші ғалым М. Қаратаевтың қазақ әдебиеті мен ғылымына қосқан үлесі туралы] // Егемен Қазақстан. – 2000. – 19 желтоқсан.

2001

59. Қаратаева Ж. «Кешір, құдай! Кешір, халқым!»: [М. Қаратаев күнделігінің соңғы беттері] // Қазақ әдебиеті. – 2001. – 6 сәуір (№ 14). – 3 б.

2002

60. Қирабаев С. Ғалым-сыншы тағлымы // Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. – Астана: Фолиант, 2002. – 322 - 329 б.

2003

61. Қаратаев Мұхамеджан Қожасбайұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / бас ред. Б. Аяған. – Алматы, 2003. – Т. 5. – 609 б.

2004

62. Қаратаев Мұхамеджан // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: анықтамалық / құраст.: Е. Дүйсенбайұлы, А. Естен, Қ. Омарұлы, ж.б. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 182 - 183 б.

2005

63. Қаратаев Мұхамеджан Қожасбайұлы // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 319 - 320 б.
64. Қаратаев Мұхамеджан // Сыр Елі. Қызылорда облысы: энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – 301 - 302 б.

2006

65. Байдрахманұлы Д. Мұхамеджан Қаратаев: өлең // Байдрахманұлы Д. Тұлпар тілек. Екі томдық. – Алматы, 2006. – 1-кітап: Отан деп соққан жүректер. – 368 б.
66. Қирабаев С. Мұхамеджан Қаратаев // Қирабаев С. Өмір тағылымдары: Естеліктер. – Алматы: Білім, 2006. – 282 - 289 б. – (Әдеби мемуарлар).

2008

67. Аманжолова К. Академиктің мұражай-кітапханасы: Мұхамеджан Қаратаевтың жеке кітапханасы туралы / К. Аманжолова // Астана хабары. – 2008. – 7 ақпан.
68. Сопыбеков А. Мұхамеджан Қаратаев: өлең // Сопыбеков А. Дөңгеленген дүние: өлеңдер мен поэмалар. – Астана: Фолиант, 2008. – 140 -143 б. – (Сырдария кітапханасы).

2009

69. Аманжолова К. Мұхамеджан Қаратаев кеңестік кезең әдебиеті туралы / К. Аманжолова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2009. – № 5. – 90 – 94 б.
70. Аманжолова К. Мұхаметжан Қаратаев шығармашылығының бастапқы кезеңі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2009. – № 8. – 71 - 75 б.
71. Қаратаев Мұхамеджан // Қазақстан жазушылары / құраст. С. Қамшыгер, Қ. Жұмашева. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 231-232 б.
72. Қаратаев Мұхамеджан // Иманғалиев С., Қыстаубаева З. Қызылорда көшелері. – Алматы, 2009. – 161 б.

2010

73. Аманжолова К.Б. Академик М. Қаратаевтың «Эпостан эпопеяға» кітабы: сын және шығармашылық мәселесі / К.Б. Аманжолова // Еуразия ұлттық университеті: Хабаршы, 2010. – № 3. – 116 - 119 б.
74. Аманжолова К.Б. Қаратаев қолтаңбасы / К.Б. Аманжолова // Мәдени мұра, 2010. – № 3. – 76 - 79 б.
75. Аманжолова К.Б. Ғалым мұрасы - халық игілігінде / К.Б. Аманжолова // Қазақ тілі (Мәскеу аймақтық газеті), 2010. - №11. – 3 - 4 б.

76. Бодыққызы Г. Мұхаметжан Қаратаевтың жеке кітапханасы / Г. Бодыққызы // Кітап патшалығы, 2010. - № 3 - 4. – 36 - 38 б.
77. Дәулетұлы А. Академик Қаратаев // А. Дәулетұлы. Нұрлы жол. – Қызылорда, 2010. – 72 - 73 б.
78. Әбіл Е. Шиелі тұғырлы тұлғаларын ұлықтады: Қоғам қайраткері М. Шоқай мен ақын Н. Бекежановтың 120 жылдығы, ғалым М. Қаратаевтың 100, Еңбек Ері Ш. Қазанбаеваның 90 жылдығы аталып өтілді / Е. Әбіл // Егемен Қазақстан. – 2010. – 16 қазан.
79. Бекмұратұлы С. Сібір сағын сындыра алмаған сыншы: Алматыда М. Қаратаевтің туғанына 100 жыл толуына арналған еске алу шарасы өтті / С. Бекмұратұлы // Алматы ақшамы. – 2010. – 18 қараша. – 22 б.
80. Бекхожин Қ. Академик Мұхамеджан Қаратаевқа: өлең // Қазақ әдебиеті. – 2010. – 12-18 қараша (№ 44). – 1 б.
81. Ергешбайұлы А. Шежірелі Шиелінің тау тұлғалары: Н. Бекежанов, М. Шоқай, Ш. Қазанбаева, М. Қаратаевтар туралы / А. Ергешбайұлы // Ақмешіт апталығы. – 2010. – 14 қазан.
82. Ергөбек Қ. «Дүние шіркін... дүркін-дүркін! Өтеді бір күн»...: Ғалым, сыншы М. Қаратаевтың 100 жылдығына орай / Қ. Ергөбек // Егемен Қазақстан. – 2010. – 22 шілде.
83. Ергөбек Қ. Дүние, шіркін... өтеді бір күн: жазушы, сыншы М. Қаратаев мемуарист ретінде / Қ. Ергөбек // Ана тілі. – 2010. – 18 - 24 қараша. – 6 б.
84. Ергөбек Қ. Дүние-ай, жалған...: Академик М. Қаратаев 100 жаста / Қ. Ергөбек // Қазақ әдебиеті. – 2010. – 22 қазан. – 11 б.
85. Жақып Б. Мұхамеджан Қаратаев туралы сөз // Қазақ әдебиеті. – 2010. – 19 қараша. – 7 б.
86. Исмаил Ө. Арман асул ары: Ғалым М. Қаратаев 100 жаста / Ө. Исмаил // Өскен өңір. – 2010. – 18 қыркүйек.
87. Қаратаева Ж. Аманат арқалаған келін: әдебиеттанушы – ғалым Мұхаметжан Қаратаевтың 100 жылдығына орай, ақынның келіні Жәмила Қаратаевамен сұхбат / сұхб. Қ. Бәкір // Алтын Орда. – 2010. – 9 – 15 желтоқсан. – 18 – 19 б.
88. Қаратаева Ж. Атамның өмірінің өзі аңыз еді // Айқын. – 2010. – 1 маусым. – 5 б.
89. Майтанов Б. Әдебиет жүрегінің тамыршысы // Ақиқат. – 2010. – № 10. – 59 - 63 б.
90. Махамбет Қ. «Соңғы аманат-сыры»: Академик М. Қаратаевты еске алу кеші өтті / Қ. Махамбет // Айқын. – 2010. – 25 қыркүйек.

91. Нұржанова Р. Қазақтың қайтпас қара нары // Сыр бойы. – 2010. – 16 қараша.
92. «17 жылдық үзіліс» баяны: көрнекті әдебиет сыншысы М. Қаратаевтың соңғы аманат-сыры / дайынд. Ж. Қаратаева // Түркістан. – 2010. – 15 сәуір (№ 15). – 10 б.
93. Салқынбай А. Қазақ сынының сардары: Ғалым, жазушы М. Қаратаев 100 жаста / А. Салқынбай // Өскен өңір. – 2010. – 23 қазан.
94. Талғам тамыршысы: Алматыда М. Қаратаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған еске алу шарасы өтті // Алаш айнасы. – 2010. – 18 қараша. – 5 б.

2011

95. Аманжолова К.Б. Академик М. Қаратаевтың еңбектеріндегі әдебиет пен өнердің эстетикалық рөлі / К.Б. Аманжолова // Еуразиялық білім кеңістігіндегі көркем ағарту мен эстетикалық тәрбие. II басылым. Ғылыми әдістемелік еңбектер жинағы. – Астана, 2011. – 151 - 157 б.
96. Аманжолова К.Б. Ғалым мұрасы халық игілігінде (Академик М. Қаратаевтың жеке кітап қоры туралы) / К.Б. Аманжолова // «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы. Құжаттар, мақалалар, библиографиялық сипаттамалар. – Астана, 2011, 166-169 б.
97. Жолдасбеков М. Асылдарым: Көрнекті әдебиет сыншысы Мұхаметжан Қаратаев және әдебиетші Зейнолла Қабдолов жайлы эссе / М. Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. – 2011. – 12 қаңтар. – 5 б.; 14 қаңтар. – 5 б.
98. Жолдасбеков М. Сағы сынбаған сын сардары: Репрессияға ұшыраған әдебиет сыншысы М. Қаратаев туралы «Асылдарым» сериялық естеліктерінен // Егемен Қазақстан. – 2011. – 12 қаңтар (№ 8). – 5 б.
99. Қаратаева Ж. Атам мені Тоты деуші еді: әдебиет сыншысы, ұстаз, ғалым Мұхамеджан Қаратаевтың келіні Жәмила Қаратаевамен әңгіме / әңг. С. Қажыкен // Ана тілі. – 2011. – 16-22 маусым. – 12 б.

2012

100. Аманжолова К.Б. Академик М. Қаратаев күнделіктері – замана айнасы / К.Б. Аманжолова // Кітап патшалығы. – 2012. - № 1 - 62 - 67 б.
101. Әшірбекова Г. М. Қаратаевтың әдеби сын мақалалары / Г. М. Әшірбекова // Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті хабаршысы, 2012. – № 2 (34). – 37 - 38 б.
102. Дүйсенғазин С. М. Қаратаев және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының зерттелуі / С. Дүйсенғазин // Қорқыт ата атындағы

Қызылорда мемлекеттік университеті хабаршысы, 2012. - № 2 (34). – 39 - 42 б.

103. Сарбалаұлы Б. Кеменгердің көлеңкесі келешекке түседі: Көрнекті әдебиет зертеушісі, сарабдал сыншы Мұхаметжан Қаратаев туралы / Б. Сарбалаұлы // Қазақ елі. – 2012. – 27 қаңтар. – 11 б.
104. Сарбалаұлы Б. Қазақ әдебиетінің Қазыбек биі: Қазақ әдебиетінің ұлық сыншысы, сарабдал сарбазы Мұхамеджан Қаратаев жайында / Б. Сарбалаұлы // Қазақ елі. – 2012. – 27 ақпан. – 6-9 б.
105. Шандыбаева А.Б. М. Қаратаев – көркем аударма өнерінің теоретигі / А.Б. Шандыбаева // Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті хабаршысы, 2012, № 2 (34). – 46 – 48 б.

2013

106. Аманжолова К.Б. Көрнекті ғалым, сыншы Мұхаметжан Қаратаев туралы толғамдар / К.Б. Аманжолова // «Ұлттық интеллигенцияның жалпы Қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі». Пленум материалдары. 2013 жыл, 18 қазан. – Астана: «Дегдар» қоғамдық келісімді қолдау қоры, 2013. – 104-109 б.

2015

107. Аманжолова К.Б. Академик М. Қаратаевтың аударма туралы толғамдары / К. Б. Аманжолова // Конференция материалдары, ЖезУ. - Жезқазған, 2015. – 41-43 б.

М. ҚАРАТАЕВТЫҢ ЖЕКЕ КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ КІТАПТАР:

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ:

1. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 304 б.
2. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.
3. Абай Құнанбаев: библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 292 б. **2 дана. Бір данасы қолтаңбамен.**
4. Абай тілі сөздігі / ред. А. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1968. – 734 б. *Қолтаңбамен.*
5. Абайдың Жидебайдағы музей үйі. – Алматы: Өнер, 1985. – 20 б. *Қолтаңбамен.*
6. Абдрахманова, Т. Өн: өлеңдер. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1959. – 56 б. *Қолтаңбамен.*
7. Абилев, Д. Таудағы ту: роман. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1957. – 158 б. *Қолтаңбамен.*
8. Абылқасымов, Б. Телқоңыр: қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры / жауапты ред. С.А Қасқабасов. – Алматы: Атамұра, 1993. – 160 б. *Қолтаңбамен.*
9. Адамбаев Б. Жауынгер жолы: повестер мен деректі әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1978. – 240 б.
10. Адамбаев Б. Өлең-жырлар. – Алматы: Жазушы, 1972. – 56 б.
11. Айбергенов Т. Бір тойым бар: өлеңдер мен поэма / құраст. С. Айбергенова. – Алматы: Жалын, 1981. – 152 б.
12. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1990. – 220 б.
13. Айқап: энциклопедия / бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. – 368 б.
14. Айтбаев, Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – Алматы: Ғылым, 1975. – 228 б. *Қолтаңбамен.*
15. Айтхожина, М. Жарқыра, менің жұлдызым: өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жалын, 1980. – 168 б. *Қолтаңбамен.*
16. Айтхожина, М. Көзімнің қарасы: таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1975. – 144 б. *Қолтаңбамен.*
17. Айтыс. Бірінші том / құраст. Ш. Ахметов, Б. Ысқақов. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1964. – 431 б. *Қолтаңбамен.*
18. Айтыс. Екінші том / құраст. Ш. Ахметов, Б. Ысқақов, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1963. – 664 б. *Қолтаңбамен.*
19. Айтыс. Үшінші том / құраст. Ш. Ахметов, Б. Ысқақов, К. Сейдахметов. – Алматы: Жазушы, 1966. – 620 б. *Қолтаңбамен.*
20. Ақпанбетов, Ә. Нұр жауған күн: өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1984. – 56 б. *Қолтаңбамен.*
21. Ақындар жыры: қазіргі халық поэзиясы. – Алматы: Қазақ ССР ғылым академиясының баспасы, 1963. – 234 б.

22. Ақышев, З. Ақбел асуы: роман. – Алматы: Жазушы, 1971. – 240 б. *Қолтаңбамен.*
23. Алдамжаров, Б. Айлы түндер: лирика. – Алматы: Жазушы, 1970. – 64 б.
24. Алланың дүниеге Жаңа Сәлемі. – Алма-Ата: Қайнар, 1992. – 32 б. Қазақ және орыс тілдерінде.
